

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА АЛМАТЫ  
КОМИТЕТА  
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И  
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

**ҚАУЛЫ**  
Алматы қаласы  
18.08.2020ж. №58

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**  
город Алматы  
№58 от 18.08.2020г.

**Алматы қаласы Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 15.08.2020 ж.  
№ 56 –қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу және Алматы қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Шектеу шаралы және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 15.08.2020 ж. №48–қаулысы негізінде

### **Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 15.08.2020 ж. № 56 –қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы»;

2) Кіріспе бөлік (кіріспе) мынадай редакцияда жазылсын:

«Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130-бұйрығы мен «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239-бұйрығы талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Шектеу шаралы және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 15.08.2020 ж. № 48 –қаулысы негізінде Алматы

қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында»;

3) 2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ауданы 2000 шаршы метрден асатын сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда орталықтарының, сауда үйлерінің, азық-түлік емес дүкендердің, сондай-ақ азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың, сонымен қатар қызметкерлер арасында COVID-19 коронавирустық инфекциямен аурушаңдықтың жоғары көрсеткіші бар объектілердің жұмысын қайта бастауға объектінің дайындығын бағалаудан өткеннен кейін және InfoKazakhstan.kz сайтынан санитариялық нормаларға сәйкестігі актісін алғаннан кейін рұқсат етілсін. Дайындықты бағалауды Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің, Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының, Алматы қаласы аудандары әкімдіктерінің және Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен құрылған жұмыс комиссиясы жүргізеді»;

4) 5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ашық ауада орналасқан 50 орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру объектілеріне, ұжымдық іс-шараларды өткізбеген жағдайда, жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері сағат 23-ке дейінгі жұмыс кестесімен рұқсат ету.

Қатты шу шығаратын қызметті (іс-шараны) жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы сағат 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы сағат 10-ға дейін шектеу.

Жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері таңғы сағат 9-дан сағат 23-ке дейін тамақ жеткізу қызметіне рұқсат ету».


2. Алматы қаласының инвестиция және кәсіпкерлік Басқармасы:

1) осы қаулымен барлық жеке, заңды тұлғалар және кәсіпкерлік субъектілерді олардың меншік нысанына немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан ақпараттық арналар арқылы және қажетті ақпараттарды ресми веб-парақшаларда орналастыру арқылы таныстыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. БЕКШИН**